

ОЛЖАС ОМАРУЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВ



ӨМІРБАЯНЫ

- ▣ *Олжас Омарұлы Сүлейменов (1936) — орыс тілді қазақ ақыны, тілтанушы, саясаткер, ядролық қару-жарақтарды жаппай қолдануға қарсы тұрушы, Төтенше және Өкілетті Елші.*



□ *1936 ж. Мамырдың 18 Алматыда дүниеге келген. 1959 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Геология факультетін, кейін А. М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітіреді. 1962—71 жж. Казахстанская Правда ұнжариясының әдеби қызметкері, Қазақфилм киностудиясы сценарлық-редакциялық алқасының бас редакторы, Просторжурналының бөлім меңгерушісі болып жұмыстар атқарады.*



ТАНЫМЫЛ АҚЫН

- Поэзия жайлы сөз қозғау қашан да қиын. Бұл әнші құстың дауысын оның қауырсынды денесінен бөліп қараумен тең болар еді. Дегенмен де айтуға болады, егер Бұл қажеттілік жүректен туған болса... Егер Бұл жағдайда өнегелік Ұстанымдары, оның ең бастылары — адамгершілік, адалдық, борыш ұғымдары басшылыққа алынса... Дәл осы жерде Заратуштра заманынан бері айтылып келе жатқан көне даналықты қалай еске алмасқа: «Ізгі сөз — ізгі ой — ізгі әрекет». Осы қасиетті өсиет бізге есімдері мен құнды мұралары келіп жеткен менің даңқты бабаларым Ұстанған ақиқаттың басты постулаттарының бірі болған.



- Олжас туралы жазылған дүниелер жетерлік, солардың бәрінің басын қосып жинақтаса, бірнеше томдық еңбек болары сөзсіз. Оның ақындығы туралы тек өзінің Отанында ғана емес, сонымен қатар алыс елдерде де көп жазылды.



- *Олжас Сүлейменов — табиғатынан рухани бұғауланбаған адам. Еркіндік — үнемі оның шығармашылық және қоғамдық қызметіндегі негізгі ұстаным болып табылатын-ды. «Еркіндік» сөзінің мағынасы көп қырлы. Ақынның өзі де дәл осы ұғымға бірнеше түсініктемелер ұсынған. Заңғар биіктікте самғап ұшу үшін де ауа қажеттігін ол жақсы түсінді. Сол себепті:*
- *Суретшінің шаруасы не далада.*
- *Дімкәс талант — далада емес —*
- *Молада.*
- *Еркіндіктің екінші аты — сол дала,*
- *Сол даланы жүр өлеңге бала да,---*
деп жырлайды.



ЗЕРТТЕУЛЕРІ

- *Олжас Сүлейменов тілтанушы ретінде көбінекей көне түркі тілін зерттеді, әсіресе шумерлер және шумер тілі туралы зерттеулері батыс ғалымдарының көне тіл үнді-еуропа тілдерінен бастау алады дейтін қасаң теориясына пәрменді соққы берді. Бірнеше кітап аударған кісі. Атап айтқанда:*
- *1975 ж. жарық көрген «Аз и Я» кітабі түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналған.*
- *«1001 сөз» жазу мен таңбаның тарихы туралы шығарма,*
- *1998 ж. жарық көрген «Жазу тілі» кітабі тарихқа дейінгі мәдениетке көзқарас, мұнда аутор шығандай шырқап сонау майя тілі мен қытай тілі арасындағы байланысты зерттейді және тағы басқа кітаптар.*





ЖЫР ЖИНАҚТАРЫ

«Арғымақтар», Қазақтың мемлекеттік көркем әдеби баспасы, Алматы, 1961 ж.; * «Олжас Сүлейменов жинағы», Жазушы, Алматы, 1967 ж.;

* «Қыш кітап», Жазушы, Алматы, 1969 ж.; * «Атамекен», Жазушы, Алматы, 1

972 ж.;

* «Каждый день — утро», Правда, Москва, 1973 ж.;

* «Повторяя в полдень», Жазушы, Алматы, 1973 ж.;

«Круглая звезда», Художественная литература, Москва,

* «Берега. Определение», Жазушы, Алматы, 1976 ж.;

* «Olzsasz Sulejmen versei» (мажар тілінде), Еуропа кёнивкадо, Будапешт, 1976 ж.;

* «Тұңғыш космонавт», Жалын, Алматы, 1979 ж.;

* «Sakalai virs smevlus» (литван тілінде), Бага, Вильнюс, 1980 ж.;



ШЫҒАРМАЛАРЫ

- * Нұрлы түндер, А., 1962;
- * Қылықты түн, А., 1963;
- * Мешін жылы, А., 1967;
- * Таңдамалы лирика, М., 1968;
- * Ақ дария аспанында, Таш., 1970;
- * Атамекен, А., 1972;
- * Қалаулы қайырма, А., 1973;
- * Жұмыр жұлдыз, М., 1975;
- * Көңіл көкжиегі, А., 1976, 1980;
- * Определение берега, А., 1979;
- * Асқардан асу, А., 1987;
- * От января до апреля, А., 1989;
- * Тюрки в доистории, А., 2002.



МАРАПАТТАРЫ

- * *Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы, 1964 ж.;*
- * *Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығы, 1967 ж.;*
- * *Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығы, 1972 ж.;*
- * *Қазақстанның Халық жазушысы атағы, 1992 ж.;*
- * *Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығы, 2000 ж.*

